

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

«Дерматология және клиникалық микробиология»

СӨЖ

**Тақырыбы: «Терінің қосалқы мүшелері: тері және май
бездері, шаш, тырнақ»**

**Орындаған: Ұзақбай Гулдар
Тобы: 728-2**

Алматы, 2017 жыл

Жоспа

р

Кіріспе

Тері және оның қызметі мен құрылысы

Негізгі бөлім

- **Тері бездері**
- **Май бездері**
- **Шаш**
- **Тырнақ**

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

Тері


ҚУРЫЛЫСЫ

Тері


эпидерми
с

дерма

гиподерм
а



Эпидермис



← Мүйізді

← Жылтыр

← Дәнді


← Тікенекті

← Базальды
мембрана

Эпидермис - қалыңдығы 4 мм-ге дейін болатын тері қабаты. Ол көп қабатты эпителийден тұрады. Оның бірнеше қабаты бар. Терінің ең жоғарғы қабаты - мүйізді қабаты. Оның жасушалары біртіндеп эпидермистің ішкі қабатындағы жаңа жасушалармен алмастырылады. Эпидермисте қан тамырлары мен жүйке жоқ, бірақ әр түрлі рецепторлар бар.

Дерм

а




Емізiкті қабат

Торлы қабат

Эпидермистің астында терінің негізгі қабаты -*дерма* орналасады. Дерма екі: жүйкелер, рецепторлар мен қан тамырлары болатын беткі және терінің созылғыштығын қамтамасыз ететін созылғыш талшықтар орналасқан тереңдеу қабаттан тұрады. Дермада бірқатар өсінділер: *тер* және *май бездері*, *шаш түбірі*, *тырнақ негізі* бар. *Тер бездері* сұйық түзінді (*тер*) шығарады. Термен организмнен зат алмасу өнімдері шығарылып, су-тұз алмасу реттеледі. Тері бетінен тердің бөлінуі жылу сіңіруге байланысты және дене температурасының төмендеуіне әсер етеді.

Гиподерм



Тері астындағы май клетчаткасы аралығы май жасушаларымен толы қалың, жұмсақ, ширатылған талшықтардан тұрады. Тері астындағы май қабаты денеге біртегіс таралмаған, оның қалыңдығы жас ерекшелігіне, жынысқа, тамақтануға және өмір сүру салтына байланысты. Тері астындағы май клетчаткасында және ішкі мүшелер маңында, негізінен, ақ май ұлпасы жинақталған. Ол энергия көзі болып табылады; ішкі мүшелерді, ұлпа мен сүйекті соққыдан сақтайды; ішкі мүшелерді жылу мен суықтың шектен тыс әсерінен оқшаулайды. Қоңыр май көп жылу түзеді. Ол арқада жауырын аралығында, мойынның шүйде бөлігінде, кеуде және құрсақ қуыстарының ірі тамырлары бойымен орналасқан.

Тері бездері

Тері бездері- терді өндіріп және оны шығарып, терморегуляцияға қатысады. Тері бездерінің қан айналымын тері асты май қабаты артериясы қамтамасыз етеді.

Қарапайым түтікті безге жатады. Әр без соңғы бөлімінен (денесі) және сыртқа ашылатын тері өзегінен тұрады.

Эккринді және апокринді тері бездері болады. Эккринді тері безін симпатикалық жүйке жүйесі талшықтары жүйкелендіреді. Апокринді тері безін БҮБ миль қабаты гормондары реттейді.

Тер- түссіз, сәл лайлы және тұзды дәмі бар, 98 % судан тұратын сұйықтық. Тері бөліну кезінде ағзадан су ғана емес, әртүрлі метоболизм өнімдері де бөлінеді.

Сонымен қатар ағзаға түскен сынап тұзы, темір, мышьяк, мыс тұздары аз-аздан бөлініп отырады.

Сонымен тер бөлінуі – гомеостазды ұстап тұрудың бір механизмі.

Эккринді тері безі


Еріннің қызыл жиегі, жыныс мүшесінің басы, клитор мен кіші жыныс еріндерінен басқа терілерде орналасқан.

Эккринді тері безінің соңғы бөлімі дермаға немесе тері асты май қабатына енген.

Безді түтіктер ішкі және сыртқы қабаттан тұрады. Ішкі қабаты базалды мембранаға бекіген бір қабатты секреторлы жасушалардан (гланулоциттер) тұрады. Сыртқы қабаты миоэпителиоциттерден тұрады. Гланулоциттер секреция фазасына байланысты кубик н/е цилиндрлі болады.

Соңғы бөліміне ішкі және жасуша аралық секреторлы өзектер болады. Гланулоциттер цитоплазмасында май, пигмент, глкоген болады.

Тері өзегі тері бетіне тік бұрыш жасап орналасады.



Апокринді тері бездері


Қолтық асты, қасаға мен оған жақын орналасқан іш бөлігінде, ұма, үлкен жыныс еріндері, аралық, артқы өтіс маңы, сүт безінің емізік айналасында болады.

Соңғы бөлімі дерма мен тері асты май қабатына енген. Безді түтіктерінің қуысы кең, тарамдалып орналасқан.

Гландулоциттерде гликоген болмайды, цитоплазмасында РНҚ, май тамшылары мен ГАГ гранулалары болады.

Тері безі өзегі шаш фолликуласына ашылып, май бездері үстіңғы жағында орналасады.

Апокринді без секреті коюлау, сілтілі реакциялы, жыныс бездері қызметімен тығыз байланысты.




Май

Май безі жай тарамдалған безге жатады, 2 бөліктен тұрады: соңғы бөлік пен шығарушы өзек. Олар голокринді типті секрецияға жатады, себебі: секреция кезінде жасушалар толық жойылып, сыртқа шығады.

Май безінің соңғы бөлімі себоцит жасушаларынан құралған бөліктерден тұрады. Әр бөлікте бернеше жүздеген жиналып орналасқан себоциттер болады. Бөлікте қуыс болмайды, ал бөлінген секрет шаш өзегіне ашылатын шығарушы өзекке түседі.

Перифериялық май безінде жетілмеген, жиі бөлінетін жасушалар болады. Полудесмос көмегімен олар базальды мембранаға бекінеді. Базальды мембранадан алшақтаған сайын, олар жетіледі, ұлғаяды, ядросы кішірейеді, ішіне май жиналады. Жетілген жасушалар бір-бірімен байланысын жоғалтып, бұзыла бастайды. Бұзылған жасушалардан тері безі секреті түзіледі де, себоциттер қалдықтарымен бірге шығарушы өзекке жиналады.

Шығарушы өзек шаш өзегінің жоғарғы бөлігіне ашылып, көп қабатты жалпақ мүйізделген эпителийден тұрады.





арлық шаш фолликуласында май бездері болады. Олар шаш фолликулаларын шығарып
тырады.

Сонымен қатар шаш фолликуласымен байланыспаған бос май бездері де болады:

Қабқтың мейбомий бездері

Емізік айналасы бездері

Ерін маңы мен жыныс мүшелерінің шырышты қабығының май бездері

Май безі

ҚЫЗМЕТІ

- Май бездері тері бетіне шығып, келесі қызметтерді атқарады:
 - Шашты майландыру
 - Теріні жұмсарту
 - Құрғаудан сақтау
 - УКС-тен сақтау
 - Бактерицидтік, фунгицидтік әсер

- Себоциттер витамин D₃ синтезіне қатысады.
- Май бездері эмбрионалды дамудың 13-15 аптасында қалыптасады. Белсенділігі жыныстық даму кезінде күшейеді. 40 жастан соң жастық өзгерістер аңқы байқалып, бездер қартая бастайды.

Шаш

күралады. Шаштың түсі оның түбіндегі бояғыш кератинге байланысты. Күніне 100 шашқа дейін түсіп өсетін соғына 100 шаш өседі. Бастағы шаш оның жұмыс жасауында, ірінікпен 5 айда ауысып күшіне, залалмасға, жүйке жүйесі мен ішкі секреция

бездерінің қызметіне тікелей байланысты. Шаштың жылтырлығы мен майысқақтығы май безінен бөлінетін химиялық құрамға сәйкес

- Денеге үш түрлі түк өседі:
- ұзын түк — бастағы шаштар
- қайратты түк — мұрт, сақал және танауда, құлақтың сыртқы дыбыс өткізу жолында
- жұмсақ түктер дененің қалған жерлерінде өседі.

- Шаш құрамы
- - 78% ақуыз
- - 15% су
- - 6% липид
- - 1% пигмент

Шаштың


құрылысы


- Шаш тері үстінде орналасқан негізінен және терең дермада орналасқан түбірден тұрады.
- Шаш түбірінің ең тереңде орналасқан бөлігі пиязшық деп аталады, ол шаш өсуін қамтамасыз етіледі.
- Түбірі және пиязшығы цилиндр формалы шаш фолликуласы ішінде орналасады, ол тері беткейіне ашылады. Сонымен қатар фолликулаға тері бездерінің өзектері ашылады.

Шаш пиязшығы тез бөлінетін және пигменті көп жасушалардан тұрады.

Шаш түбірі анатомиялық 3 бөліктен тұрады:

- орталық (ұзын шаш негізінде): пигмент пен мүйізделген жасушалардан
- Қыртысты зат: шаштың негізін құрайды, пигментті мүйізді элементтерден тұрады.
- Кутикула: бір біріне қабаттасып орналасқан, 10 қабат мүйізделген жасушалардан тұрады.





1. эпителиальды жасушалардан тұратын шаш пиязшығы.

2. Шаш түбірі

3. Негізгі бөлігі

Шаш қабаты:

5. Кутикула

6. Шаштың қыртысты затты

7. Шаштың миль затты

Фолликула:

8. Эпителиальды қынап (ішкі)

9. Эпителиальды қынап (сыртқы)

10. Шаш қапшығы

11. Шаш емізікшесі және қан тамырлары

Қосымша құрылымдар:

12. Тері безі

13. Шаш көтеретін бұлшық ет.


Шаштың өсу

Анаген (өсу фазасы) – активті өсу кезеңі. Кератин бөлінеді. Бұл кезең 2-5 жылға созылады. Алдымен шаш талшығы пайда болды, кейін ол жуандап, пигменттеледі.

фазасы

Катаген (фолликула деградация фазасы)- активті өсу мен тыныштық кезеңінің арасы. Шаш пиязшығы шаш емізікшесінен алшақтап, қоректенуі бұзылады, өсуі тоқтайды. Бірнеше аптаға созылады.

Телоген (тыныштық фазасы)- түбірінен алшақтап, тері бетіне қарай жылжиды. 2- 4 айға созылады.




Тырна

Тырнақ – қол мен аяқ саусақтарының бетіндегі тырнақ ойықшасында орналасады. Ол тырнақ ойығында орналасқан. Қызметі – саусақтың дисталды фалангасын механикалық зақымдалудан қорғау.

Тырнақ пластинкасының алдыңғы шеті бос, артқы және бүйір шеті тері қатпарымен қоршалып, ене орналасқан. Тері қатпарының жоғарғы беті пластинкаға қарай орналасып, тырнақ валигі деп аталады. Валик шеті өлі жасушалардан тұрады.

Тырнақтың денесі мен түбірі болады. Тырнақ пластинкасының артқы бөлігі тырнақ валигі астына енген. Тек азғантай ақ бөлігі жарты ай тәрізді формада болады. Тырнақ ойығының артқы бөлігінде орналасқан тырнақ түбірі матрица деп аталады. Ол жерден тырнақ пластинкасы бастау алады.

Матрица эпителиалды жасушалардан тұрады. Онихобластар тырнақ түзіп, мүйіді пластинкаға айналады.




Тырнақ пластинкасы

Тырнақ пластинкасының негізі кератин –белогы. Шаш кератинінен ерекшелігі күкірт атомы көп болады. Оның құрамына кіретін цистеин, амин қышқылдары мөлшері генетикалық ерекшелікке де байланысты болады. Сол үшін кейбір адамдар тырнағы қаттырақ болады.

Кератин қабаттарының арасында май мен судың жұқа қабаты орналасады. Бұлар тырнаққа эластикалық пен жылтырлық береді. Тырнақ суды сіңіру арқылы жуандайды және жұмсарады.

Сонымен қатар тырнақта кальций, хром, фосфор, селен, қорғасын бар. Қол тырнақтары аптасына 1 мм, аяқ тырнақтары 0,25 мм өседі. Тырнақ пластинкасының толық жаңаруы жарты жылда болады.



Тырнақ ісігі- қара түсті дақ уақыт өте оседі. Бір ай көлемінде тырақ астын толық дақ басады. Тырнақ зақымдануға бейім болады. Қансырау болса қан тоқтату қиын. Тырақтан жәна пайда болады, тырақ астынан иріңді бөліністер шығады.

Қолданылған әдебиеттер

- «Тері және венерология аурулары» З.Б. Есенгараева, Н.М.Малдыбаева, З.Б.Кешилева, А.А. Кубанова
- «Кожные и венерические болезни» Е.С. Батылхановна, М.Н.Мырзакеримовна, К.З. Бостановна, К.А.Алексеевна